

**«ТҰРАН»
УНИВЕРСИТЕТИ
МЕКЕМЕСІ**

050013, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Сатпаев к-сі, 16А
Тел.: +7 (727) 2607000, факс: +7 (727) 2622298
reception@turan-edu.kz
www.turan-edu.kz



**TURAN
UNIVERSITY**

**TURAN
UNIVERSITY**

16A, Satpayev str.,
050013, Almaty, Kazakhstan
Tel: +7 (727) 2607000, fax: +7 (727) 2622298
reception@turan-edu.kz
www.turan-edu.kz

23.10.2023 № 04-04/1184

(нөмір және кіріс құжат күніне сілтеме)

**Ұлттық мемлекеттік
ғылыми-техникалық
сараптама орталығы**

«Тұран» университетінің жанындағы «8D03101 (6D050300) – Психология» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңес, «6D050300 – Психология» мамандығы бойынша Кудушева Нургайша Ахметжановнаның «ЖОО студенттерінің тұлғалық өзіндік тиімділігі дамуының психологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясын материалды авторға және алынған дереккөзге сілтемесіз пайдалануын тексеруге жолдап отыр және диссертация мәтінін «ҰМҒТСО» АҚ сайтында ашық түрде орналастыруды сұрайды.

Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша Сараптау кеңесінің шешімі бойынша дииссертациялық жұмыс **пысықтауға** жіберілген (қажетті құжаттар тіркеледі). Ескертулер жөнделген және түзету жұмыстың мәнін өзгертпеген.

Диссертациялық кеңес мәжілісі 2023 жылы 03 қараша күніне бекітілді.

**Диссертациялық кеңес
төрағасы**

Аймаганбетова О.Х. – Аймаганбетова О.Х.

Орындаушы: Сангилбаев О.С.
Тел.: +7 7017645920

001439


Национальный центр
государственной научно-
технической экспертизы

Диссертационный совет по образовательной программе 8D03101(6D050300) – Психология, сформированный при университете «Туран», направляет диссертацию Кудушевой Нургайши Ахметжановны на тему «Психологические особенности развития личностной самоэффективности студентов вуза», представленной на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности «6D050300 – Психология» для проверки на использование заимствованного материала без ссылки на автора и на источник заимствования и просит обеспечить размещение текста диссертации в открытом доступе на интернет-ресурсе НЦГНТЭ.

По решению Экспертного совета по образованию, психологии и когнитивным наукам диссертационная работа была направлена на доработку (необходимые документы прилагаются). Замечания исправлены и исправление не изменило сути работы.

Заседание диссертационного совета назначено на 03 ноября 2023 года.

Председатель
диссертационного совета

 – Аймаганбетова О.Х.

Исполнитель: Сангилбаев О.С.
Тел.: +7 7017645920

Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша
Сараптау кеңесінің қорытындысы

2023 ж. «13» қыркүйек

№ 6 хаттама

Тыңдалды:

6D050300 – Психология мамандығы бойынша «ЖОО студенттерінің тұлғалық өзіндік тиімділігі дамуының психологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертацияны қорғау негізінде докторант **Кудушева Нургайша Ахметжановнаға** философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы қолдау хат бойынша 2023 жылғы «03» мамырдағы (№ 5 хаттама) «Тұран» университетінің жанындағы диссертациялық кеңестің шешімі туралы № PhD – 5100 – 30.05.2023 іс.

Сарапшы XXXXXX тыңдап және істің материалдарын талқылап, Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. **Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.** Докторант диссертация тақырыбын Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруда студенттердің өзіндік тиімділік деңгейін ҚР жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі ережелеріне және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласына негіздеген.

2. **Диссертацияны өзі жазу қағидатының сақталуы.** Докторанттың жоспарға сәйкес диссертация тақырыбын ашуы және эксперимент бөлімде статистикалық талдау әдістерін бірізді қолдануы өзі жазу қағидатының сақтағандығын көрсетеді.

3. **Диссертацияда ішкі бірлік қағидатының сақталуы.** Диссертация теориялық тұрғыдан талдау және эмпирикалық зерттеу тарауларынан тұрады. Докторант бірінші бөлімнің «Психология ғылыми кеңістігінде өзіндік тиімділік мәселесінің зерттелу жағдайы» бөлімшесінде шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне 11 бет (18-29 беттер), отандық ғалымдардың зерттеулеріне 1 азат жол (29 бетте), ресейлік ғалымдардың зерттеулеріне 5 бет (29-34 беттер) ақпарат берген. Психология ғылымының кеңістігіндегі қазақстандық зерттеулер зерделенбеген.

Докторант «Тұлғалық өзіндік тиімділіктің мазмұны мен құрылымы» бөлімшесінде «өзіндік тиімділік» ұғымын анықтаудан бастап, өзіндік тиімділік мүмкін сипаттамаларды көрсетеді, кейін 1.1. бөлімшесінде көрсетілгендей ғалымдардың берген анықтамаларына талдау жасайды. Өзіндік тиімділікті мотивациямен байланыстырып, «Мен-тұжырымдамасы» ұғымдарының

ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, бақылау локусының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындайды. «Тұлғалық өзіндік тиімділік тұжырымдамасының мағынасы туралы айта отырып, біз оның мазмұнын жеке қасиеттеріңіз және ерекшеліктеріңізбен шектеуді ұсынамыз, оған қатысты тақырып олардың бар екендігі туралы хабардар болып, болашақта белгілі бір мақсаттар мен міндеттерді шешу кезінде оң нәтижеге қол жеткізуге болатындығына сенімдіміз» деген сөйлеммен 1.2. бөлімшесін қорытындылайды. Тұлғалық өзіндік тиімділіктің мазмұны бір азат жолмен берілсе (49 бет), құрылымы туралы ақпарат берілмеген. Тұлғалық өзіндік тиімділіктің құрылымын «Студенттің тұлғалық өзіндік тиімділігі – бұл кәсіби қызмет жағдайларында ол өзінің алдына қойылған міндеттерді сәтті орындауды қамтамасыз ететін, осы қасиеттердің күрделі кешенін нақты құрал ретінде жаңартып, білікті қолдана алатынына және оның өзіне деген сенімділігі туралы идеялардың жиынтығы» деген 1-ші бөлім бойынша берілген тұжырыммен нақтылау ұсынылады.

Екінші бөлімнің «Зерттеу бағдарламасы мен зерттеу мәселесінің қойылуы» бөлімшесінде зерттеу бағдарламасының атауы жоқ және зерттеу мәселесінің қойылуы суретпен (Сурет 5) ғана шектелген. Келесідей сұрақтар туады: 1) Зерттеу бағдарламасы мен диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінің айырмашылығы қандай? (Себебі, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, болжамы, міндеттері, зерттеу әдістері мен әдістемелері, сенімділігі мен дәлелділігі берілген); 2) «Зерттеу мәселесінің қойылымы» суретінің (80 бет) мәні неде? (Себебі, «ЖОО студенттерінің тұлғалық өзіндік тиімділігі дамуының психологиялық ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеу» бөліміне сәйкес ЖОО оқитын студенттің тұлғалық өзіндік тиімділігі дамуының психологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін жоспар немесе эмпирикалық зерттеу жолдары көрсетілуі қажет).

«Студенттердің реттеушілік процестері мен өзіндік тиімділігінің өзара байланысы» кестесінде (Кесте 14 және 19, 20, 21, 22 кестелер, сурет 16 және 21, 22, 23 суреттер) өзіндік тиімділіктің айнымалыларымен (Кесте 4) сәйкестендіру қажет. Сонымен бірге, реттеушілік процестер айнымалыларында (Кесте 18) «өзін қадағалау» мен «өзін-өзі ұйымдастыру» айнымалыларын бірге қарастырған, себебі түсіндірілмеген.

4. Диссертацияда ғылыми жаңашылдық қағидатының сақталуы, негізгі ғылыми нәтижелері. Қазіргі кезеңдегі студенттердің тұлғалық өзіндік тиімділік процесі зерттеу нысанына сәйкес келесідей ғылыми жаңашылдық қағидаттары сақталады:

- Теориялық талдау негізінде ғылыми әдебиеттердегі «өзіндік тиімділік» феноменінің психологиялық мазмұны ашылған және өзіндік анықтама берілген;
- Тұлғаның интегративті өзін-өзі реттеу жүйесіндегі тұлғалық өзіндік тиімділік ерекшеліктері анықталған және оның дамуын анықтайтын негізгі психикалық процестер жалпылай берілген;
- ЖОО, оқу курсы және мамандық сияқты білім беру ортасының жағдайларында тұлғаның өзіндік тиімділігінің көріну ерекшеліктері

зерделенген;

- Тұлғалық өзіндік тиімділігін мотивациялық, реттеушілік және аффективтік психикалық процестермен байланысы кестемен берілген және талданған;

- Эмпирикалық зерттеу көрсеткіштері сандық-сапалық талданған және зерттеу нәтижелері қорытындыланған.

5. Диссертацияда дәйектілік принципінің сақталуы. Зерттеудің эксперимент бөлімінде докторанттың тест әдістерін (Тұлғаның жалпы өзіндік тиімділігі шкаласы, өзіндік тиімділік шкаласы, өзін-өзі қадағалаудың қысқаша шкаласы, іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастыру, академиялық мотивация шкаласы, психологиялық әл-ауқат шкаласы) кешенді қолдануы және деректерді сандық, сапалық түсіндіруде SPSS 23.0 статистикалық көрсеткіштерін, Манна-Уитнидің U-критерийін, Краскел-Уоллистің H-критерийін, корреляциялық талдауы диссертация мазмұнында дәйектілік принципін сақтағандығын нақтылайды.

6. Диссертацияда практикалық құндылық принципінің сақталуы. Диссертацияның практикалық немесе теориялық мәні бар (керектісін сызу қажет). Эксперимент бөлімі еліміздің 3 ЖОО базасында жүргізілген (Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінде эмпирикалық зерттеу жұмысын өткізу актісі бар, Сулейман Демирел атындағы университеті, «Тұран» университеті). Психология, менеджмент, маркетинг, құқықтану, қаржы мамандықтары бойынша магистратура, бакалавр 1-4 курс аралығындағы 270 студент (41% ұлдар және 59% қыздар) қатысқан. Диагностикалық тестілеу бірліктерін (Кесте 4) құрастыра отырып айнымалыларды эксперименттік бөлімде талдаудан өткізген.

7. Диссертацияда академиялық адалдық қағидатының сақталуы, диссертацияда авторы мен дереккөзі көрсетілмеген бөтен материалдың (плагиат) болуы. Жок

8. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі:

диссертация тақырыбы бойынша:

барлығы ғылыми еңбек - 16;

оның ішінде:

Басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда – 7 (есепке алынады);

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторға ие немесе индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда ;

Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін -1 (Kudusheva N. et al. The Development of Individual Self-Efficiency among University Students // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – T. 17. – №. 2. – С. 615-624. Scopus-та қамту жылдары: 2018 жылдан 2022 жылға дейін (Scopus-та қамту

тоқтатылды), білім беру бағыты 2021 жылы 36 процентиль – есепке алынады).

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының деректер базасына енгізілген шетелдік патенттер -;

басқа жарияланымдар 8 жарияланды.

Жарияланымдар Дәрежелерді беру қағидаларының (әрі қарай - Қағидалар) 6-тармағына сәйкес келеді.

9. Аттестациялық іс материалдарының Қағидалар талаптарына сәйкестігі. Сәйкес.

Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз болу қағидатының сақталуы. Сақталған.

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес қорғау рәсімінің сақталуы. Сақталған.

10. Диссертациялық кеңеске ескертулер: 1) Докторанттың диссертациялық тақырыбы дұрыс тұжырымдалмаған; 2) Зерттеудің болжамы «негізгі» және «жеке» болжамдарға бөлінген. «Егер», «онда», «өйткені» деген зерттеу болжамының құрылымдары сақталмаған. 3) «Зерттеудің міндеттеріне» сәйкес «қорғауға ұсынылатын зерттеудің негізгі қағидалары» мен «зерттеудің ғылыми жаңалығы» мазмұны сақталмаған; 4) Диссертацияның құрылымы мен көлемінде 59 шет тілдеріндегі әдебиеттерді қолданғандығы туралы ақпараттың маңыздылығы нақтыланбаған (шет тілдеріндегі әдебиеттердің 90%-ы 90 жылдардағы деректерді құрайды, соңғы бес жылдағы шет тілінде жазылған 2 мақала докторанттың мақалалары); 5) Диссертациялық отырыс диссертацияны қорғау тіліне сәйкес жүргізілуі қажет; 6) Ресми рецензенттердің пікірлері формальді түрде жазылған; 7) Видеода қатысушылардың дауыстары жиі естілмей қалады.

11. Сараптау кеңесінің шешімі: 3) Ережеге сәйкес докторанттың диссертациялық жұмысының мәтіні бойынша елеусіз ескертулер бар және оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпейді. Сондықтан да, докторант **Кудушева Нургайша Ахметжановнаның** диссертациясы келесі ескертулерді жөндеу үшін пысықтауға жіберіледі:

- «Психология ғылыми кеңістігінде өзіндік тиімділік мәселесінің зерттелу жағдайы» бөлімшесіне қазақстандық зерттеулермен толықтыру;

- «Тұлғалық өзіндік тиімділіктің мазмұны мен құрылымы» бөлімшесіне тұлғалық өзіндік тиімділіктің мазмұнын біріздендіру, құрылымын «Студенттің тұлғалық өзіндік тиімділігі – бұл кәсіби қызмет жағдайларында ол өзінің алдына қойылған міндеттерді сәтті орындауды қамтамасыз ететін, осы қасиеттердің күрделі кешенін нақты құрал ретінде жаңартып, білікті қолдана

алатынына және оның өзіне деген сенімділігі туралы идеялардың жиынтығы» деген 1-ші бөлім бойынша берілген тұжырыммен сәйкестендіру;

- «Зерттеу бағдарламасы мен зерттеу мәселесінің қойылуы» бөлімшесіне зерттеу бағдарламасын нақтылау және зерттеу мәселесінің қойылуын негіздеу;

- Эксперимент бөлімінде берілген кестелер мен суреттердегі айнымалыларды өзіндік тиімділіктің айнымалыларымен (Кесте 4) сәйкестендіру;

- Диссертация тақырыбын әлемдік тенденциядағы адами капиталдың құндылықтарымен байланыстыру (Мысалы, пандемия кезіндегі қазіргі студенттің тұлғалық өзіндік тиімділігі т.б.);

- Нормативтік сілтемелер бөлімінде берілген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы диссертацияның ішкі мазмұнында қолданылмаған. Сонымен бірге, диссертацияның кіріспесінде қолданылған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы нормативтік бөлімде көрсетілмеген.

- Соңғы бес жылдағы қолданылған әдебиеттер саны – 15, оның ішінде докторанттың мақаласының саны – 5.

Сараптау кеңесі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне докторант **Кудушева Нургайша Ахметжановнаның** 6D050300 – Психология мамандығы бойынша әзірленген диссертациясын пысықтауға ұсынады.